



Байқоныр ғарыш айлағында «Союз – ТМА» зымырантасығышы ұшырылды. Өуе кемесінің бортында «РОСКОСМОС», «ИЕКА» (Еуропа), «НАСА» (АҚШ) ғарышкерлері болды. «Союз» зымыранының ұшырылуына «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің әр елдегі комиссары қатысты.

- Бүгін «Байқоныр» ғарыш айлағына 36 комиссар келді. Бұл сапар «Астана Экспо - 2017» ұлттық компаниясының мұрындық болуымен ұйымдастырылып отыр және қатысушылар үшін осындай мүмкіндік берілген оларға қуанышты жағдай деп ойлаймын. Көптеген мемлекеттер Қазақстанды Байқоныр арқылы таниды, бірақ осы жерде болу мүмкіндігі бар екендігінен бейхабар. Комиссарлар ғарышкерлер мұражайына, Юрий Гагариннің ұшу алдындағы болған үйіне барды. Барлығы зымыран ұшырылымын асыға күтуде. Зымыран ұшырылымының көрме кезінде жоспарланғаны біз үшін қолайлы мүмкіндік болды. Енді біз Қазақстанды ғарыштық ракурста көре алатын боламыз,- деді «ЭКСПО-2017» комиссары Рапиль Жошыбаев.

- «ЭКСПО-2017» көрмесінің басталуына байланысты «Байқоныр» ғарыш айлағы әлем туристерінің қызығушылығын тудыруда. Оздеріңіз білесіздер, екі жыл бұрын қазақстандық 7 туристік компания «Роскосмос» аттестациядан өтті және олар Астана, Алматы, Қарағанды, Қызылорда және өзге де қалаларда дербес жұмыс жасауда. Ресми мәлімет бойынша, ғарыш айлағына 1000-нан астам адам келген. Бұдан бөлек, Қармақшы ауданында этноауыл ашылды, оған да келушілердің қатары көп,- деді Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, ҚР Президентінің «Байқоныр» ғарыш айлағындағы арнайы өкілі

Серік Кожаниязов.

Айта кетейік, жұлдызды калашықты аралау отінішін карау мерзімі 45 күннен 10 күнге қыскартылды. Кызылорда облысынын кәсіпкерлік және туризм баскармасы басшысынын міндетін аткарушы Галымжан Мустафаевтын айтуынша, Байконыр каласын аралаудын туристік пакетіне гарыш айлагы мұражайы мен Юрий Гагарин тұрган үйді, сондай-ак егер турист сапарымен сәйкес келсе, зымыран ұшырылымына куә болу кіреді.

Облыс әкімінін баспасөз қызметі